

"Сарытас" ашық акционерлік қоғамының кредиторлық берешегін қайта құрылымдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 20 тамыз N 931

Отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының
Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Медетші қор" жабық акционерлік қоғамымен бірлесіп (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен 1996 жылғы 15 наурыздағы N 38, 1996 жылғы 29 тамыздағы N 48, 1997 жылғы 11 сәуірдегі N 74, 1997 жылғы 18 тамыздағы N 88, 1997 жылғы 23 қазандағы N 97 және 1997 жылғы 25 қарашадағы N 101 кредит шарттарына сәйкес республикалық бюджет қаражаты есебінен берілген кредиттер бойынша "Сарытас" ашық акционерлік қоғамының кредиторлық берешегін қайта құрылымдауды қамтамасыз етсін, онда:

2004 жылдан бастап 2005 жылды қоса алғанда негізгі борыш пен сыйақы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 P020832_ қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес сыйақы есептеу;

"Сарытас" ашық акционерлік қоғамының республикалық бюджет алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында тиісті кепіл келісімін ресімдеу қамтылады.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК